

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 5 тамыздағы N 870 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 2 шілдедегі N 731 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Семей қаласындағы Ертіс өзені арқылы көпірді пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияны құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 5 тамыздағы N 870 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

Семей қаласындағы Ертіс өзені арқылы көпірді пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Мұсайбеков	- Қазақстан Республикасының Көлік және
Сәкен Жүнісбекұлы	коммуникациялар вице-министрі, төраға
Байнақов	- Қазақстан Республикасы Қаржы
Рахмет Ғазизұлы	министрлігінің Мемлекеттік борыш және
	кредит беру департаменті директорының

орынбасары;

"Темный	- Шығыс Қазақстан Төтенше жағдайлар
Георгий Владимирович	жөніндегі облыстық басқармасының
бастығы, полковник"	

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Темный	- Шығыс Қазақстан облыстық Төтенше
Григорий Владимирович	жағдайлар жөніндегі басқармасының
бастығы, полковник"	

көрсетілген құрамнан: Нығматулин Нұрлан Зайроллаұлы, Әріпханов Айдар Әбдіразақұлы шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі